

Тіркелген салық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 қазандағы № 18/7-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 қарашада № 5-7-71 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 10/8-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 21.12.2012 № 10/8-V шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99 Кодексінің 422-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Тіркелген салық ставкаларының мөлшері бекітілсін:

1) "Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер" - айына салық салу объектісінің бірлігі үшін 1 айлық есептік көрсеткіш.

2) "Бильярд үстелі" - айына салық салу объектісінің бірлігі үшін 3 айлық есептік көрсеткіш.

2. "Тіркелген жиынтық салықтың базалық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 23-5 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-7-29 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 20 қаңтардағы "Бесқарағай тынысы" газетінің № 3 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Бесқарағай аудандық

мәслихатының хатшысы

Б. МОМЫНЖАНОВ

Ж. МАРАЛОВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК